

Кудасова Дариха Ерадиловнаның 6D070100 – Биотехнология мамандығы бойынша PhD философия докторы ғылыми дәрежесін алуға ұсынған

«Биологиялық белсенді ингредиенттерді пайдалану тиімділігін арттыру мақсатында микрокапсуляциялау технологиясын өзірлеу»  
тақырыбындағы диссертациялық жұмыссына ғылыми жетекшісінің

## ПКІРІ

Д.Е. Кудасованың диссертациялық жұмысы М.Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан университетінің «Биотехнология» кафедрасында 2017-2020 жылдар аралығында орындаған.

Диссертациялық жұмыс Биологиялық белсенді ингредиенттерді пайдалану тиімділігін арттыру мақсатында микрокапсуляциялау технологиясын өзірлеу бойынша зерттеулер жүргізуге негізделген. Д.Е. Кудасованың алдына қойған мақсаты - биологиялық белсенді ингредиенттерді екпе дақылдарға пайдалану тиімділігін арттыруда микрокапсуляциялау технологиясын өзірлеу болып табылады. Диссертациялық жұмысын жасауда ғылыми нәтижелерін Д.Е.Кудасова шетелдік және отандық конференцияларда баяндаған.

Ғылыми жұмыстарды жасау кезінде Д.Е.Кудасова өзін жауапкершілігі бар, еңбеккор маман ретінде көрсетті. Аналитикалық шолу жасағанда көп көлемде әдебиеттерді өндеген, онда шет тілінде шыққан басылымдармен танысқан. Қойылған міндеттерді шешу үшін Қазақстандық және шетелдік заманауи әдістер мен құралдарды қолданған. Оның ішінде: Растрлы-электронды микроскоп, ИК спектрофотометр және т.б.

Ғылыми-зерттеу жұмысының нәтижесінде, стимуляторлардың биологиялық және физиологиялық белсенділігіне скринингтік зерттеулер жүргізу және олардың негізінде стимуляторларды тандау, микрокапсуляциялау әдісін тандау және стимуляторларды микрокапсуляциялау жағдайларын зерттеу, микрокапсулалардың морфологиялық және физиологиялық сипаттамаларын зерттеу, өсімдіктердің өсіруді реттегіштерін микрокапсуляциялаудың ғылыми-негізделген технологиясын өзірлеу жүргізілді. Жұмыстың нәтижесінде ішінде Скопус (процентиль 60%) базасындағы журналдарда 1 мақаласы жарияланған.

Диссиденттың зерттеу тақырыбы бойынша өсімдіктер дамуының бірінші кезеңінде, ең алдымен, өсімдіктердің тамыр жүйесінің дамуына жауап беретін ауксиндер – фитогормондар өте маңызды. Бұл жұмыстың мақсаты, ең алдымен, ауксин белсенділігі бар өсімдіктер дамуының келешегі бар реттегіштерін іздеу және анықтау болды.

Диссертациялық жұмыс КР БФМ-нің 2018-2020 жылдары қаржыландырылған АР05132810 «Ауыл шаруашылығы өнімдерін өндіруді қарқынданту мақсатында биологиялық белсенді заттар мен өсімдіктер дамуының түбекейлі жаңа стимуляторларын микрокапсулалау

технологиясының ғылыми-практикалық негіздері» тақырыбы бойынша грантын жүзеге асыру аясында орындалды (2018-2020 жж.).

Д.Е.Кудасованаң диссертациялық жұмысы ғылыми жаңалықтар мен практикалық бағалығы жағынан ғылым дамуына үлкен үлес қосады. Диссертациялық жұмысты теория және практика жағынан аяқтаған зерттеу ретінде қарастыруға болады.

PhD диссертацияларға қойылатын барлық талаптарға сәйкес және Д.Е.Кудасова PhD философия докторы ғылыми дәрежесін алуға лайықты деп есептеймін.

М.Әуезов атындағы

Оңтүстік-Қазақстан университетінің,

«Биотехнология» кафедрасының

Х.Ф.К., доцент



Б.Ж. Муталиева

ҚОЛЫН РАСТАЙМЫН  
ҚЖЖ бөлімінін  
басшысы